



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

работу, наваленную на наши плечи.

...the best and bravest supply their foreign masters with soldiers, and **whiten distant lands with their bones**. Данный фразеологизм переведен как: ...храбрейшие из нас должны служить в войсках под началом чужеземцев и **устилать своими костями дальние страны**

Рассмотрим еще примеры эквивалентного перевода: ...I know thou thinkest me a fool, or thou wouldst not be so rash in **putting thy head into my mouth**. Здесь автор также использует эквивалентный перевод данной фразеологической единицы ...по всему видно, что ты считаешь меня дураком, иначе ты не стал бы **совать голову в мою глотку**.

В данном отрывке текста, автор использует прием усиления: *thou wouldst waver on one of these trees as a terror to all evil speakers against dignities*. – **вмиг тебя вздернут на одно из этих деревьев. Вот и будешь качаться для острастки всем, кто вздумает поносить знатных господ**

Таким образом, изучив произведение «Айвенго» В.Скотта, мы оценили качество перевода фразеологических единиц. На основе обработанного материала мы делаем вывод, что переводчик в процессе передачи фразеологизмов на русский язык, как правило, не просто сохраняет коммуникативный эффект, производимый на читателя той или иной фразеологической единицей, но и передает выражаемый ею ассоциативный фон, присутствующий в тексте оригинала. Наш анализ показал, что наиболее распространенный способ передачи фразеологизмов в переводе это – перевод соответствием, приближенный перевод, калькирование. Хотя, средствами русского языка не всегда получается отразить коннотативный аспект при переводе. Нередко автор намеренно изменяет, добавляет или опускает какие-либо смыслы. Не зря ведь Р.О.Якобсоном было отмечено, что фразеология, это «кардинальная проблема языка и центральная проблема лингвистики» [10, 14]

Список использованных источников:

1. Солодуб Ю.П., Альбрехт Ф.Б. Современный русский язык. Лексика и фразеология современного русского литературного языка. – М.: Флинт:Наука, 2003
2. Балли Ш., Французская стилистика. –М.: 2001
3. Головин Б.Н. Введение в языкознание. –М.: УРСС, 2005
4. Жуков В.П. Семантика фразеологических оборотов. –М.: 1990
5. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. –М.: 2001
6. Комиссаров В.Н., Коралова А.Л. Практикум по переводу с английского языка на русский. – М.: Высшая школа, 1999
7. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. –М.: Р.Валент, 2004
8. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. –М.: 1996
9. Дмитриева Л.Ф. Английский язык: курс перевода. –М.: Ростов н/Д, 2005
10. Якобсон Р.О. О лингвистических аспектах перевода. Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. –М.: 1978

ӘОЖ 8;81-26:347.78.034

ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЭЙДІҢ «ҚОШ БОЛ, МАЙДАН» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ МЕТАФОРЛАРДЫҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бейбітова Айдана
aydana_94.18@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Кызырова Ә.М.

Әдеби байланыстардың сан қырлы формалары әлемдік әдеби үдерісті қамтиды және оның белгілі бір заңдылығы саналып, формалары мен түрлері зерттеу нысаны бола алады.

Көркем аударма – әдеби байланыстардың ең маңыздысы, өзара қарым-қатынастары мен формаларының арасындағы ең бастапқы түрі. Сонымен бірге жеке бір тілдегі туындыларының басқа бір тілде көрініс табу үдерісі ретінде әдеби шығармашылықтың жеке бір түрі болып саналады.

Қай кезенді алсақ та, қоғам өмірінің ілгері жылжып, дами түсуіне аударма өнерінің қосқан үлесі айрықша. Себебі, әдебиет, мәдениет, экономика, білім беру, халық шаруашылығы, өнеркәсіп, медицина және т.б. аударма арқылы қанаттанып, қалыптасып отырған.

Аударма тарихы Ежелгі Антика дәуірінен басталып, осы күнге дейін қарқындап, құлаш жайып келеді. Қазақ халқы мен Шығыс халықтарының ауыз әдебиеті мен ертегілеріндегі сюжет ұқсастықтарын алсақ, мұны біз аударма туындысы ретінде қабылдауымыз керек. Мәселен: «Қалила мен Димна», «Шахнаме», «Ләйлі-Мәжнүн» және т.б. Қазіргі кезде әлем әдебиетінің тамаша үлгілері қазақ тіліне аударылған. Бұл жерде В. Шекспирдің, И.В. Гетенің, Э. Хемингуэйдің, А. Дюманың, сондай-ақ орыс классиктері А.С. Пушкиннің, М. Лермонтовтың, Л. Толстойдың, Ф.М. Достоевскийдің, А. П. Чеховтың және т.с. сөз шеберлерінің туындыларын атауға болады. Аударма арқылы қазақ әдебиеті де әлемдік әдеби арнаға қосылып, өзін бүкіл әлемге танытты. А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мустафин, І. Есенберлиннің және т.б. қазақ жазушыларының шығармалары түрлі тілдерде жарық көрді. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы ағылшын, болгар, венгр, вьетнам, грек, неміс, корей, поляк, румын, словак, түрік, француз, чех және т.б. тілдерге аударылды. Аударма халық пен халықты жақындатып, рухани қазыналарымен ортақтас етіп, әдеби байланыстардың нығайып, күшейе түсуіне ықпал етеді.

Көркем аударма әдеби үдеріс пен ұлттық мәдениеттің ілгері жылжып, дами түсуіне қалтқысыз қызмет етіп келеді. Қазіргі таңдағы жарық көретін әрбір үшінші кітаптың аударма туындысының болуы осының дәлелі. Көркем аударма туындылары бүкіл көркем әдебиеттің жартысына жуығын құрап, ұлтаралық әдеби байланыстың дәнекеріне айналды [1, 5-6 б.].

Академик Н.И. Конрад: «Өзге тілде жазылған әдеби шығарманы өз тілінде жаңғырту – әр уақытта да шығармашылықтың шыңы. Аударманың пайда болуы – белгілі бір дәрежеде төл әдебиеттің баюына ықпал жасайды» [1, 6 б.], - деп жазған. Әдеби шығармашылықты қажет ететін көркем аударма расында да әдебиеттердің өзара әсер етуіне, бірін-бірі байытуына жол ашты.

Көркем мәтіндердегі бейнелеу-көркемдеу құралдарының ішінде ең жиі кездесетіні – *метафоралар*. Метафоралық бейне көркемдік-экспрессивтік мағынамен қатар эмоционалды-бағалау ақпаратына ие. А.И. Фёдоровтың пікірінше, метафоралық семантика өзара тығыз байланысты элементтерден құралады:

1) қарапайым тәсілмен біріктірілмеген сөздердің семантикалық-ассоциативті қырларының өзара әрекеттесуі нәтижесінде өңделген, өзгерген сөздердің бастапқы «дәліме-дәл» мағынасы;

2) осы сөздердің ассоциативті қырлары негізінде пайда болатын бейне;

3) метафорларды түсіну нәтижесінде жаңа логикалық мазмұн, жаңа номинация.

Бұл күрделі семантикалық бейне бірқатар ақпарат түрлерін жеткізуші ретінде қызмет атқарады: бейнелі, семантикалық, экспрессивті, эстетикалық, эмоционалды-бағалау.

Көптеген ақын-жазушылардың шығармашылық мәнерін сөз еткенде метафорлардың түрлі тілдік қызметіндегі қасиеті мен ерекшелігі талданады. Метафораларды өз шығармаларында кәсіби түрде қолдана білген сөз шебері – *Эрнест Хемингуэй*. Атақты америкалық жазушысы Эрнест Хемингуэйдің (1899-1961) әлем оқырмандарына айрықша ұнаған «*Қош бол, майдан*» романында майдан шебінде тоғысқан ғашықтардың пәк сезімдері мен шынайы сүйіспеншіліктері, соғыс өртіне шарпылған адамдар тауқыметі асқан шыншылдықпен және мейлінше көркемдікпен суреттелген. Дүниежүзі әдебиетінің

інжу-маржаны саналатын бұл романның ана тілінде бағын жандырған Құрманғазы Қараманұлы. Әлем әдебиеті өкілдерін қазақ тілінде сөйлетуі Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қарымды қаламгер, аудармашы Құрманғазы Қараманұлы шығармашылығының биік бір шыңы. Аталған туындыдағы сөз мәнін өңдендіре өзгертетін, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсетін метафорлардың аударылу ерекшелігіне тоқталсақ.

Түпнұсқа:

«In the bed of the river, there were pebbles and boulders, dry and wide in the sun, and the water was clear and swiftly moving and blue in the channels» [3, 7 б.].

Бұл сөйлемдегі «**the bed of the river**» метафора. Себебі «bed» сөзі жиһаз түрі, ал Хемингуэй оны өзенге қатысты «өзен арнасы» деген мағынада қолданған.

Аударма:

«Өзеннің арнасын күн күйдіріп ағартқан малта тастар көмкеріп жатқан-ды. Мөлдір де жүйрік ағыны салаларында көгілдірленіп көрінетін» [4, 5 б.].

Аударма мәтінде бұл метафора сөзбе-сөз емес, «өзен арнасы» деп орынды аударылған. Аудармашының жазушы стилін сақтап, түпнұсқаға жақын аударғанын аңғарамыз.

Келесі мысал, түпнұсқа:

«The vineyards were thin and bare-branched too and all the country wet and brown and dead with the autumn» [3, 8 б.].

Келтірілген сөйлемде екі метафора орын алған: «**bare-branched**» and «**dead**». Жазушы «bare-branched» тіркесі арқылы жүзімдіктер жапырақтарының түсіп қалғанын айтқысы келсе, «dead» теңеуін «country» сөзіне қатысты қолданған. Ал бұл сөз жансыз болғандықтан «dead» метафора қызметін атқарып тұр. Осы метафораның аудармасына зер салсақ:

«Жүзімдіктер де сиреккіреп, жалаңаштанып қалды; төңіреkteгінің бәрі күз нышанын танытып, дымқылданып, қоңырқай тартып, сұрықсызданып сала берді» [4, 6 б.].

Қос сөз ретінде берілген бірінші метафораның алғашқы бөлігі калькалау тәсілі арқылы тәржімаланған, ал екінші бөлігі «branch – бұтақ» сөзі түсіріліп тасталған. Десе де, ең бастысы, айтар ой, берер мағына жеткізілген. Аудармашы келесі метафораның дәлме-дәл аударылмайтынын біле отырып, төңіреkteгінің бәрі күзбен бірге із-түсі қалмай жойылғанын емес, тек сұрықсызданып сала берді деп жазады. Мағынадағы аса қатты ауытқушылықты байқаймыз деп айта алмаймыз, керісінше мәнмәтінге қатысты ұсынылған.

Түпнұсқа:

«It took the enamel off your teeth and left it on the roof of your mouth» [3, 47 б.].

Сөйлемдегі «**roof**» сөзі «mouth-ауыз» сөзіне қатысты қолданылған, ал сөздіктегі мағынасы «үйдің жоғары бөлігі, яғни шатыр». Жазушы ауыздың жоғары бөлігі мен үйдің жоғары бөлігінің арасынан ұқсастық таба отырып, осылай берген. Аудармаға жүгінсек:

«Ол тістің кіреукесін кетіретін және оны таңдайға жапсырып кететін» [4, 39-40 б.].

Аудармашы «ауыз қуысының жоғары бөлігі» деп емес, қазақ тіліндегі сәйкес сөзді, яғни «таңдай» деп алған.

Және бір мысал, түпнұсқа:

«Beyond the mule train the road was empty and we climber through the hills and then went over the shoulder of a long hill into the river-valley» [3, 53-54 б.].

Берілген сөйлемдегі «**shoulder**» сөзінің метафораға жатқызу себебі: сөздің сөздікте берілген мағынасы – дене мүшесінің бір бөлігі, ал мәтіндегі мағынасы – төбенің баурайы. Аударма:

«Қашырлар керуенінен кейін бізге енді қайтып ештеңе ұшырасқан жоқ. Бір төбеден екінші төбеге өрмелей отырып, ақыры көлбеу баураймен өзен аңғарына келіп жеттік»

[4, 45 б.].

Біріншіден, аудармашы түпнұсқада берілген күрделі сөйлемді екі жай сөйлемге жіктегенін атап өту қажет. Алғашқы сөйлемде антонимдік аударма тәсілі, яғни түпнұсқада берілген ұғымның адекватты (дұрыс) баламасын беру үшін, оның сол ұғымға қарама-қарсы сөзбен алмастырылуы арқылы жүзеге асырылатын лексикалық-грамматикалық трансформация қолданылған. Бұл жердегі «the road was empty – жол бос болды» деген сөзбе-сөз аударманың орнына «қайтып ештеңе ұшырасқан жоқ» деген нұсқада аударылып, «жол» сөзі түсіп қалған. Сөйлемдегі метафораға келетін болсақ, the shoulder of a long hill – көлбеу баурай болып аударылған, «hill – төбе» сөзі қазақ тіліндегі нұсқада кездеспейді. Көлбеу баураймен емес, белестер тізбегінің бойымен келе жатқанын ескеру керек еді.

Көркем мәтіндегі бейнелі ақпаратты реципиент-тілге дұрыс жеткізуі аударма теориясы мен практикасының қызықты әрі күрделі аспектілерінің бірі болып қала бермек. Көркем мәтіндердің алуан түрлілігі, сан қырлылығы, жеке көркем әдебиет туындысындағы авторлық тілдің қайталанбас даралығы аударма жасаудағы негіз болып табылады. Метафорлар аудармасы ерекше күрделі, себебі бұл тілдік бейнелеу құралы бағалау, номинативті және эстетикалық құрамдастардан тұрады, нәтижесінде метафоралар аудармасы екі ассоциативтік жоспарды: тура мағынаға негізделген жоспарды, сонымен қатар тура, ауыспалы және мәнмәтіндік мағыналардың өзара әрекеттесуіне негізделген жоспарды сақтап қалуды көздейді. Көркем мәтінді аударушының алдында жалпы мәтін үшін оңтайлы аударма принципін және жеке метафораларды аудару мәселесі тұрады. Бұл принциптер аударма тілінде шынайы, адекватты лексикалық тіркестер табуға мүмкіндік беріп, метафора мағынасына жаңа ассоциация бермеуі қажет. Бүгінгі таңда жалпы метафоралар жіктемелерінің ішінен П. Ньюмарк ұсынған жіктемені қарастырсақ, ол семантикалық тұрғыда метафораларды алты типке топтастырады: қолданыстан шығып қалған метафора (dead), метафора-клише (cliché), жалпы (stock), бейімделген (adapted), «жаңа» (recent) және авторлық метафора (original). Бұл жіктеме құрылымдық жағынан бір ғана лексикалық бірліктен тұратын қарапайым метафораларды және сөз тіркесі, фраза, мәтін фрагментінен құралатын күрделі метафораларды бөліп көрсетеді. Аталғандардың ішінен аударылуы кезінде қиындық туғызатыны авторлық метафора екені сөзсіз. Авторлық (көркемдік) метафора дегеніміз көркем шығармадағы номинативтік қызмет емес, эстетикалық қызметті жүзеге асыру мақсатында қолданылатын бейнелі троп, бір зат атауын басқа зат атауымен алмастыру. Авторлық метафора өзінің бірегейлігімен, жаңашылдығымен, мәнмәтінмен тығыз байланысты болуымен ерекшеленеді. Бұдан бөлек, автордың бейнесін, оның жеке стилінің ерекшеліктерін сипаттайды. Түрлі тілдік қоғамдар әлемді әр түрлі қабылдайтыны белгілі, нәтижесінде барлық тілдік бөлшектер, соның ішінде авторлық метафоралар да ұлттық, мәдени және әлеуметтік кодтарға ие [6, 41 б.]. Хемингуэй өз шығармасында қолданған метафораларды авторлық метафораларға жатқызуға негіз бар, себебі бір зат атауын екінші зат атауымен алмастырған. Ал осы метафораларды Қ. Қараманұлы қазақ тілді оқырмандарға бейімдей отырып, түсінікті етіп аударуға тырысқан.

Метафорларды аудару кезінде қолданылатын бірнеше тәсілдер бар, соның ішінде ең алдымен сөзбе-сөз аударманы атап өткен жөн. Сөзбе-сөз аударма түпнұсқа мен аударма тілдерінің сәйкестілік ережелері, сондай-ақ метафорада қолданылған эмоционалды-бағалау ақпаратқа ие деректер дәл келсе жүзеге асады. Сөзбе-сөз аудару тәсілі өте сирек пайдаланылатынын ескеру қажет, себебі әр мәдениеттің өзіне тән нормалары мен салт-дәстүрлері бар.

Түпнұсқа тілі мен аударма тіліндегі мұндай сәйкестіктер аз болған немесе мағыналық функциялары сәйкес келмеген жағдайда, аудармашы сипаттау әдісіне жүгінеді. Мәтінде сипаттама қысқа болуы және жасанды бірліктерсіз қолданылуы тиіс.

Ал дәсурлі аударма түпнұсқа тілі мен аударма тілінің шығу тегі әр түрлі болған кезде қолданылады.

Н.Д. Арутюнова метафораларды аударудың 3 негізгі принципін бөліп көрсетеді:

- 1) калькалау – мүмкін болған жағдайда бейнені сақтап қалу;
- 2) интерпретация, түпнұсқа бейнесін аударма реципиенті дұрыс қабылдамаған жағдайда;
- 3) бейнені алмастыру – авторлық метафорада жасырылған ойды жеткізу мақсатында аудармашының оқып отырған адамға түсінікті болу үшін бейнені алмастыру принципіне жүгінуіне тура келеді [5].

Эрнест Хемингуэйдің «Қош бол, майдан» романындағы метафораларды аудару барысында калькалау тәсілін де, сипаттау тәсілін де, интерпретацияны да байқаймыз.

С. Талжанов аударманың мақсат-міндетіне қатысты: «Бір елдің түпнұсқаларын өз тіліне аударғанда, аударушы өз әдебиетінің, өз тілінің қамын ойлауы – заңды құбылыс. Оларда ұшырайтын ерекшеліктері бұлжытпай беру арқылы аударма тілі, әдебиет байымақ. ...шет тілінен аударғанда оның өз ерекшелігін сақтау арқылы қазақ ұғымын кеңейтетініміз сүттен ақ, айдан анық» [1, 69 б.], - деген пікір айтқан. Осы жерде «ерекшелігін» дегенде ол түпнұсқа тілінің стилін, жанрын меңзеген. Осы айтылған оймен келісе отырып, Эрнест Хемингуэйдің «Қош бол, майдан» романы да аударылу барысында өз стилін жоғалтпай, өз заманына сай аударған туынды деп есептеймін. Сонымен, көркем аударма – тәржіманың ең қиын түрі. Ол тек қана екі тілді жетік білуді ғана талап етіп қоймайды, сонымен қоса соавтор бола алатын дәрежедегі жазушылық қабілет, түйсік керек. Көркем аудармадағы метафоралардың аударылу ерекшеліктері мен тәсілдерін меңгеру арқылы, түпнұсқадағы бейнесін аударма тілінде жеткізе білу маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Көркем мәтін және аударма: оқу құралы / Л. Н. Дәуренбекова, - Астана : Фолиант, 2015 . - 131 б.
2. Жумаева Н. Г., Очилова Д. Б. The usage of metaphor and metonymy in the novel «A farewell to arms» by E. Hemingway // Молодой ученый. — 2015. — №4. — С. 768-769.
3. Хемингуэй Э. Прощай, оружие!: Книга для чтения на английском языке. – СПб.: КОРОНА принт, КАРО, 2004. – 416 с.: ил. – (OriginalReading)
4. Хемингуэй Эрнест. Қош бол, майдан! Роман. / Орыс тілінен аударған Қ. Қараманұлы/. – Алматы: Жалын, 1979. – 312 бет.
5. https://studwood.ru/1432235/literatura/perevod_metafory_hudozhestvennom_tekste
6. Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2014. № 4 (34): в 3-х ч. Ч. III. С. 41-44. ISSN 1997-2911.

ӘОЖ:811.161

ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Доскенова Адина

adina.doskenova@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасы,
Аударма мамандығы бойынша магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Ә. Мұратова

Қарқынды ғылыми-техникалық прогресс адамзат өмірінің барлық салаларын қозғайды. Қазіргі заманғы ғылым саласын әр түрлі елдердің мамандары арасындағы ақпарат және жаңа идеялар алмасуынсыз елестету мүмкін емес. Барлық қызмет салаларындағы ғылыми-техникалық аудармаға деген сұраныс артып келеді және аудармашының жоғары біліктілікке ие болуын талап етеді.

Техникалық аударма саласындағы терминдерді аудару мәселесі аса өзекті болып табылады. Техникалық мәтіндер маңызды ақпарат тасымалдайтын көптеген терминдерге